



## **«Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамы акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама**

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың толық атауы:** «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамы.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ атқарушы органының толық атауы:** «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамының Басқармасы.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ атқарушы органының орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40 үй.

«Акционерлік қоғамдар туралы» заңның 35-бабына, 37-бабының 1-тармағына және 3-тармағының 3) тармақшасына және 41-бабына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі жиналысты шақырудың бастамашысы ретінде **2021 жылғы 23 сәуірде** «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысының (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы) отырысын өткізбестен, сырттай дауыс беру арқылы өтетіні туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын ұстаушылары тізілімі жүйесінің 2021 жылғы 23 наурыздағы жағдай бойынша деректері бойынша құрылатын болады.

### **Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі:**

1. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.
2. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2020 жылға жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы.
3. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2020 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жөнінде шешім қабылдау туралы. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту туралы.
4. 2020 жылға өз қызметі жөнінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің есебін қарау туралы.
5. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы жөнінде хабардар ету туралы.
6. Жаңа редакциясын бекіту арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында акцияларды сатып алу барысында олардың құнын анықтаудың әдістемесіне өзгерістер енгізу туралы.
7. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің «Қазақстан Халық Банкі» АҚ пен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініш-шағымдары мен оларды қарастырудың қорытындылары жөнінде мәселені қарау туралы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» заңның 43-бабының 6-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын дайын болады және де «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасының орналасқан жері бойынша, сонымен

қатар мына: <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелер бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың корпоративтік веб-сайтында қолжетімді болады. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерінің сұратуы болған жағдайда, оған акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар сұрату алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жолданады, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін жасау мен жеткізу үшін шығыстарды акционер көтереді.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысты ақпаратпен мына телефондар арқылы танысуға болады: 8 (727) 259 07 77, 8-8000 8000 59.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерін сырттай дауыс беру өткізудің келесі тәртібімен және сырттай дауыс беру үшін рәсіммен танысуын сұраймыз.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен, сырттай дауыс беру арқылы қатысу «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың <http://www.halykbank.kz> корпоративтік веб-сайтында және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында орналастырылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей – **2021 жылғы 23 наурызға дейін** толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте:

1) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді алу үшін мына: <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелер бойынша өтіп, онда орналастырылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің электрондық нысандарын басып шығару немесе «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Бас офісінің қызметкерлеріне мына: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40 үй, мекенжай бойынша немесе олардың тізімін <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелері бойынша өтіп, алуға болатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ облыстық/өңірлік филиалдарының Дербес сервис орталықтарының (бұдан әрі – ДСО) қызметкерлеріне хабарласу қажет;

2) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің алдында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі барлық жолдарды акционер және оның дербес деректері туралы ақпаратпен толтыру қажет. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс берудің «жақтаушылар» немесе «қарсы болғандар», немесе «қалыс қалғандар» деген ықтимал нұсқалары бар ұяшықтың біреуін белгі немесе қол қою қажет;

3) «Акционерлік қоғамдар туралы» заңның 49-бабының 6-тармағына сәйкес сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге жеке тұлға – акционер (немесе оның өкілі) қол қоюға тиіс. Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы (немесе оның өкілі) қол қоюға тиіс. Жеке тұлға – акционердің (немесе оның өкілінің) немесе заңды тұлға – акционер басшысының (немесе оның өкілінің) қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі

Жеке басын куәландыратын құжатындағы жеке тұлға – акционердің дербес деректері, сондай-ақ жеке тұлға – акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесінде, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде құрылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімінде және жеке тұлға – акционер (немесе оның өкілі) толтырған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде көрсетілген жеке тұлға – акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері сәйкес болуы тиіс.

Заңды тұлға – акционер туралы оның құрылтайшы құжаттарында көрсетілген деректер, сондай-ақ заңды тұлға – акционердің құрылтайшы құжатының көшірмелерінде, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде құрылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімінде және заңды тұлға – акционер

(немесе оның өкілі) толтырған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде көрсетілген жеке тұлға – акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері сәйкес болуы тиіс.

Айырмашылықтар болған жағдайда, егер акционер (немесе оның өкілі) бюллетеньмен бірге көрсетілген деректердің/деректемелердің «Бағалы қағаздарды ұстаушылардың орталық депозитарийі» АҚ-тың ұстаушылар тізілімі жүйесінде өзгеруін растайтын құжаттарды (құжаттың түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі) ұсынбаса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жарамсыз болып танылады.

4) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге:

**жеке тұлға - акционерлер:**

акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; **бюллетеньге оның өкілі қол қойған жағдайда:** акционердің және оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелерін, және өкілдік қол қою құқығын растайтын құжаттың көшірмесін;

**занды тұлға - акционерлер:**

занды тұлға – акционердің уәкілетті органының басшысын тағайындау/сайлау туралы шешімінің көшірмесін;

занды тұлға – акционердің басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін немесе акционердің өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың және өкілдің қол қоюға құқығын растайтын құжаттың көшірмелерін;

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының 17-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінің талабын олардың акционерлерінің (қатысушыларының) тіркеу еліне қатысты олардың акционерлерінің (қатысушыларының) сақтауы туралы өтінішін қоса ұсынуы тиіс.

Көрсетілген өтініштің нысанын алу үшін: <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде), <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде) және <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелері бойынша өту қажет.

**Олардың базалық активі болып «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акциялар табылатын Жаһандық Депозитарлық Қолхаттардың (бұдан әрі - ЖДҚ) иеленушілері үшін арнайы ескерту:**

Акционерлердің жалпы жиналысында ЖДҚ-мен ұсынылған акцияларды ұстаушылардың дауыс беру ерекшеліктері «ЖДҚ талаптары» («Terms and conditions of the GDRs») бөлімінің 12-бабына сәйкес ЖДҚ шығару проспектісінде («Prospectus») берілген. ЖДҚ шығару проспектісінің («Prospectus») көшірмесі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ веб-сайтында қолжетімді (<http://backend.halykbank.com/storage/documents/files/5ea527c35f2c8.pdf>), сонымен қатар The Bank of New York Mellon-нан алынуы мүмкін, 240 Гринвич-стрит, 8-қабат, Нью-Йорк NY, 10286U.S.A. (бұдан әрі - Депозитарий).

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің дауыс беруге ұсынылған мәселелері бойынша материалдар және дауыс беру үшін нұсқаулықтар белгіленген тәртіпте Депозитарий арқылы ұсынылатын болады.

Қосымша ақпарат алу үшін ЖДҚ иеленушілері Депозитарийге хабарласа алады:

Татьяна Аксенова ханым, телефоны: +1 212 815 4158, электрондық поштасы: [tatsiana.axenova@bnymellon.com](mailto:tatsiana.axenova@bnymellon.com)

Мира Даскаль ханым, телефоны: +1 212 815 5021, электрондық поштасы: [mira.daskal@bnymellon.com](mailto:mira.daskal@bnymellon.com)

5) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді және осы ақпараттық хабарламада көрсетілген қажетті құжаттарды қабылдау «Қазақстан Халық Банкі» АҚ атқарушы органының нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40 үй, мекенжайы бойынша немесе олардың тізімі <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемесі бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың корпоративтік сайтында орналасқан ДСО-да немесе сырттай дауыс беруге

арналған бюллетеньдерді және осы ақпараттық хабарламада көрсетілген қажетті құжаттарды жолдау фактісін тіркеу мүмкіндігі бар пошталық (оның ішінде курьерлік) байланыс құралдарын пайдалана отырып («Казпочта» АҚ, DHL және басқалардың офистері арқылы) жүзеге асырылады.

Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша толтырылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа 2021 жылғы 25 наурызда сағат 9:00 бастап (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша) 2021 жылғы 22 сәуірде сағат 18:00 дейін (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша) ұсынылуы тиіс. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді ұсыну күні «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың құжат айналымы жүйесінде оны тіркеген күн болып саналады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 46-бабының 3-тармағына сәйкес 2021 жылғы 23 сәуірде есеп комиссиясы: алынған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің жарамдылығын анықтайды және нақты бюллетеньдердің санын және күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша оларда көрсетілген дауыстарды есептейді; акционерлердің жалпы жиналысының кворумы болуын анықтайды; акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 51-бабының 6-тармағына сәйкес сырттай дауыс беру нәтижелері оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы акционерлердің назарына жеткізілетін болады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 45-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда, акционерлердің қайталама жалпы жиналысы өткізілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңның 35, 36, 37, 39, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 50, 51 және 52-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңның 17-бабының 5 және 5-1-тармақтары және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысының 25, 26, 27 және 28-баптарына сәйкес өткізіледі.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысуға шақырамыз.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Директорлар кеңесі**